

«Қ.ЖҰБАНОВ атындағы АҚТӨБЕ Өңірлік Университеті» КеАҚ

«БЕКІТЕМІН»

**Қ. Жұбанов атындағы
Ақтөбе өңірлік университетінің**

Басқарма төрағасы- Ректор

Д.Ч.Карабасова

«31» _____ 2025 ж.



**ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ БОЙЫНША
Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік Университетінің
Жыл Үздігі Байқауының Ережесі**

Ақтөбе, 2025 ж.

1. ӘЗІРЛЕНГЕН ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛГЕН

Ғылым және инновациялар департаментінің директоры З.Т. Нугаева

Қ. Жұбанов атындағы АӨУ Басқарма шешімімен бекітілді

«31» наурыз 2025 ж. № 9 хаттама

Осы Ереже Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті ректорының ресми рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта шығарылмайды, көбейтілмейді және таратылмайды.

Осы ереже Қ. Жұбанов атындағы АӨУ ректорының ресми рұқсатымен үшінші тұлғаларға берілуі мүмкін.

1. Байқаудың мақсаты мен міндеттері

- 1.1 Белсенді профессор-оқытушылар құрамының, білім алушылардың мотивациясын күшейту;
- 1.2 Университеттің ғылыми-зерттеу жұмысының қазіргі заманға сай дамуына ықпал жасау;
- 1.3 Студенттердің және магистранттардың ғылыми шығармашылық белсенділігін арттыру;
- 1.4 Үздік ғылыми жарияланымдардың авторларын, университет қызметкерлерін анықтау және жарнамалау;
- 1.5 Университет цифрлық дерекқор базасына қор жинақтау, жинақталған материалдарды медиялық айналымға енгізу;
- 1.6 Оқу процесіне ғылыми зерттеулер нәтижелерін енгізу;
- 1.7 Үміткерлерді материалдық ынталандыру.

2. Байқау номинациялары

2.1 Байқау «жаратылыстану ғылымдары, инжиниринг және технологиялар» және «өнер саласы, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар» бағыттарында келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

№	Номинация атауы	Бағыты	
		жаратылыстану ғылымдары, инжиниринг және технологиялар (1,2,3-орын)	өнер саласы, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар (1,2,3-орын)
1	«Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің үздік ғалымы»	жаратылыстану ғылымдары, инжиниринг және технологиялар (1,2,3-орын)	өнер саласы, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар (1,2,3-орын)
2	«Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің үздік жас ғалымы»	жаратылыстану ғылымдары, инжиниринг және технологиялар (1,2,3-орын)	өнер саласы, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар (1,2,3-орын)
3	«Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің үздік докторанты»	жаратылыстану ғылымдары, инжиниринг және технологиялар	өнер саласы, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар
4	«Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің үздік магистранты»	жаратылыстану ғылымдары, инжиниринг және технологиялар	өнер саласы, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар
5	«Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің үздік студенті»	жаратылыстану ғылымдары, инжиниринг және технологиялар	өнер саласы, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар

3. Байқаудың өткізілуі мен оны ұйымдастырушылар

- 3.1 Байқаудың ұйымдастырушылары - Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Ғылым және инновациялар департаменті.
- 3.2 Байқауды ұйымдастыру және өткізу жұмыстары факультеттердің декандары, кафедра меңгерушілері, факультеттердің ғылыми зерттеу жұмысына жауапты оқытушыларымен жүзеге асырылады.
- 3.3 Байқау ағымдағы жылдың сәуір айында жарияланып, байқауға алдындағы жылда шығарылған басылымдар мен жұмыстар қатыстырылады.
- 3.4 Байқауға қатысу үшін:
 - Өтінім және толық құжаттар жинағын (қосымшалар және растаушы құжаттар) электронды (science@zhubanov.edu.kz поштасына) және қағаз форматта (қатты папкада) Ғылым және инновациялар департаментіне тапсыру қажет.
 - Өтінім және жарияланымдар мен ғылыми жұмыстар қосымшада көрсетілген кестеге сәйкес толтырылуы керек (Қосымша 1 және 2).

- Байқауға қатысу үшін ұсынылатын құжаттар мен материалдар ағымдағы жылға дейін бір жылдан ерте емес шығарылуы керек. Одан ескі жұмыстар мен құжаттар конкурс бағалауында есепке алынбайды.
- Барлық жарияланымдарының сілтемесі болуы міндетті. Сілтемесіз берілген жарияланымдар есепке алынбайды.
- Талаптарға сай келмейтін жұмыстар қабылданбайды.
- Белгіленген уақыттан кешіктіріліп тапсырылған жұмыстар қабылданбайды.

3.5 Байқауға қатысу үшін номинациялар бойынша келесі талаптар ұсынылады:

«Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің үздік ғалымы» номинациясы бойынша қатысушы:

- PhD/ ғылым кандидаты/ ғылым докторы ғылыми дәрежесі бар (шетелде қорғалған жағдайда, ноострификация талап етілмейді);
- Ағымдағы жылдың алдындағы жылда Scopus/Web of Science деректер базасында немесе ҚР ҒЖБМ жанындағы ҒЖБССҚК ұсынған журналдарда кем дегенде 1 мақала жариялаған;
- студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына жетекшілік етеді (*Қосымша 3*).

«Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің үздік жас ғалымы» номинациясы бойынша қатысушы:

- PhD/ ғылым кандидаты/ ғылым докторы ғылыми дәрежесі бар (шетелде қорғалған жағдайда, ноострификация талап етілмейді);
- Конкурсты жариялау және құжат қабылдау мерзімінде жасы 40-тан аспаған (40 қоса алғанда);
- Ағымдағы жылдың алдындағы жылда Scopus/Web of Science деректер базасында немесе ҚР ҒЖБМ жанындағы ҒЖБССҚК ұсынған журналдарда кем дегенде 1 мақала жариялаған;
- студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына жетекшілік етеді (*Қосымша 3*).

«Үздік ғалым» және «Үздік жас ғалым» номинациялары бойынша байқауға қатыса алмайтын ПОҚ категориялары:

- Соңғы 3 жылда «ЖОО үздік оқытушысы» атағын алған ғалымдар;
- Соңғы 3 жылда «Үздік ғылыми қызметкер» атағын алған ғалымдар;
- Соңғы 3 жылда «Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің жыл үздігі» байқауының жеңімпаздары;
- Ағымдағы жылда ҚР ҒЖБМ тарапынан қаржыландыратын жобалар жетекшілері (*«Жас ғалым», гранттық қаржыландыруға ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар, жас ғалымдарға арналаған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар, бағдарламалы-нысаналы қаржыландыру, коммерциализация жобалары*).

«Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің үздік докторанты» номинациясы бойынша қатысушы:

- 3 жылдық докторантура бағдарламасының білім алушысы;
- Ағымдағы жылдың алдындағы жылда зерттеу тақырыбы бойынша жетекшісімен бірге Scopus/Web of Science деректер базасында немесе ҚР ҒЖБМ жанындағы ҒЖБССҚК ұсынған журналдарда кем дегенде 1 мақала жариялаған;
- халықаралық және республикалық конференцияларда мақалалар шығарған (*Қосымша 4*).

«Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің үздік магистранты» номинациясы бойынша қатысушы:

- 2 жылдық магистратура бағдарламасының білім алушысы;

- Ағымдағы жылдың алдындағы жылда зерттеу тақырыбы бойынша жетекшісімен бірге Scopus/Web of Science деректер базасында немесе ҚР ҒЖБМ жанындағы ҒЖБССҚК ұсынған журналдарда кем дегенде 1 мақала жариялаған;
- халықаралық және республикалық конференцияларда мақалалар шығарған (Қосымша 4).

«Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің үздік студенті» номинациясы бойынша қатысушы:

- 4 жылдық бакалавриат бағдарламасының білім алушысы;
- Ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысушы;
- Конференциялар/ байқаулар/ сайыстарда қатысушы (Қосымша 4).

«Үздік докторант», «Үздік магистрант» және «Үздік студент» номинациялары бойынша байқауға қатыса алмайтын білім алушылар:

- Соңғы 3 жылда «Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің жыл үздігі» байқауының жеңімпаздары.

4. Бағалау шарттары және Конкурс нәтижелерін қорытындылау

4.1 Конкурс қатысушыларының жұмыстарын бағалау және байқау нәтижелерін қорытындылау үшін ректор бұйрығымен арнайы сараптама комиссиясы құрылып, тағайындалады. Сараптама комиссиясының мүшесі конкурсқа қатысуға құқысы бар, бірақ сараптама кезінде және конкурс нәтижелерін талқылауға қатыса алмайды.

4.2 Сараптама комиссиясының құқылары:

- Қатысушының конкурсқа тапсырған құжаттары талаптарға сай келмесе, оны байқауға қатысушылар тізімінен алып тастау;
- Ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша басылымдар талаптарға сай келмеген жағдайларда, оларды конкурсты бағалау кезінде есепке алмау;
- Бағалау кезінде екі немесе одан көп қатысушыда ұпайлар (балл) саны бірдей болған жағдайда қосымша шарттар тағайындауға немесе берілген және бағалау бірлігін анықтау барысында өзгертулер енгізу.

4.3 Байқауға қатысушыларды бағалау қосымша 3, қосымша 4-те көрсетілген негізгі өлшемдерге сәйкес жүргізіледі.

4.4 Конкурс нәтижелерін талқылау сараптама комиссиясы мәжілісінің қорытындысы бойынша өткізіледі.

4.5 Бағалау бойынша шарттар мен ұпайлар (балл) саны бойынша сарапшылар әр номинация бойынша конкурс жеңімпаздарын анықтайды:

- «Үздік ғалым» және «Үздік жас ғалым» номинациялары бойынша «жаратылыстану ғылымдары, инжиниринг және технологиялар» бағытында 1,2,3-орын иегерлері және «өнер саласы, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар» бағытында 1,2,3-орын иегерлері.
- «Үздік докторант», «Үздік магистрант», «Үздік студент» номинациялары бойынша «жаратылыстану ғылымдары, инжиниринг және технологиялар» бағытында 1-орын иегері және «өнер саласы, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар» бағытында 1-орын иегері.

4.6 Конкурс қорытындысы хаттамамен рәсімделеді, оған сараптама комиссиясының барлық мүшелері және мәжіліске қатысқан тәуелсіз сараптама мүшелері қол қояды.

4.7 Байқау нәтижелерін Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Ғылым және инновациялар департаменті арнайы құрылған комиссияның сараптамасына сай, ректор бекіткеннен кейін ғана шығарады.

4.8 Конкурс қорытындысының нәтижесі ресми хабарланбағанға дейін байқау сараптамасы, бағалау жайлы кез келген мәлімет жарияланбауы керек.

4.9 Университет Ғылым айы аясында өтетін шарада конкурс жеңімпаздарын дипломдармен және қаржылай марапаттайды.

4.10 Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің жыл үздігі байқауының жеңімпаздарына берілетін сыйақы мөлшері:

№	Номинация атауы	Сыйақы мөлшері
1	«Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің жаратылыстану ғылымдары, инжиниринг және технологиялар бағытындағы үздік ғалымы»	<ul style="list-style-type: none">• 1-орын: 20 АЕК• 2-орын: 15 АЕК• 3-орын: 11 АЕК
2	«Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің өнер саласы, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар бағытындағы үздік ғалымы»	<ul style="list-style-type: none">• 1-орын: 20 АЕК• 2-орын: 15 АЕК• 3-орын: 11 АЕК
3	«Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің жаратылыстану ғылымдары, инжиниринг және технологиялар бағытындағы үздік жас ғалымы»	<ul style="list-style-type: none">• 1-орын: 15 АЕК• 2-орын: 12 АЕК• 3-орын: 10 АЕК
4	«Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің өнер саласы, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар бағытындағы үздік жас ғалымы»	<ul style="list-style-type: none">• 1-орын: 15 АЕК• 2-орын: 12 АЕК• 3-орын: 10 АЕК
5	«Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің жаратылыстану ғылымдары, инжиниринг және технологиялар бағытындағы үздік докторанты»	9 АЕК
6	«Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің өнер саласы, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар бағытындағы үздік докторанты»	9 АЕК
7	«Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің жаратылыстану ғылымдары, инжиниринг және технологиялар бағытындағы үздік магистранты»	8 АЕК
8	«Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің өнер саласы, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар бағытындағы үздік магистранты»	8 АЕК
9	«Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің жаратылыстану ғылымдары, инжиниринг және технологиялар бағытындағы үздік студенті»	8 АЕК
10	«Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің өнер саласы, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар бағытындағы үздік студенті»	8 АЕК

4.11 Конкурс жеңімпаздарына сыйақы университеттің бюджеттен тыс қаражатынан бөлінеді.

Ғылым және инновациялар жөніндегі проректор


Р.А. Бекназаров

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор


Л.Н. Мясникова

Қаржы және инфрақұрылым
жөніндегі проректор


Г.Е.Есенбаева

**«Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің жыл үздігі»
конкурссына қатысуға өтінім**

1. Қатысушының аты-жөні (ТАӘ): _____
2. Конкурс номинациясы (біреуін таңдаңыз):

Номинация атауы/ бағыты	жаратылыстану ғылымдары, инженеринг және технологиялар	өнер саласы, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар
«Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің үздік ғалымы»	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
«Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің үздік жас ғалымы»	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
«Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің үздік докторанты»	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
«Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің үздік магистранты»	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
«Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің үздік студенті»	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>

3. Қатысушы туралы ақпарат (тиістісін толтырыңыз):

Туған күні	
Білімі, ғылыми дәрежесі	
Лауазымы, ғылыми атағы	
Факультет, кафедра	
Білім бағдарламасы	

Қатысушының аты-жөні (ТАӘ): _____

Қосымша 2

Жарияланымдар (мақала, монография, тб.) бойынша ақпарат

№	Жарияланым атауы (Название публикации)	Журнал/ жарияланым көзі (Источник)	Дерекқор түрі (База данных)	Жариялану уақыты (дата публикации)	Квартиль, процентиль	Авторлық түрі (тип авторства)	Сілтеме
			Scopus/ Web of Science/			Бірінші автор/ автор корреспондент/ со-автор	
			КОКСНВО			Бірінші автор/ автор корреспондент/ со-автор	

Жобалар бойынша ақпарат

№	Жоба атауы (Название проекта)	Жоба түрі (Тип проекта)	Жоба мерзімі (период проекта)	Байқау/ бағдарлама атауы (Название конкурса/ программы)	Қатысу түрі (тип участия)	Сілтеме
		Халықаралық/ республикалық/ облыстық тб.			Жетекші/ орындаушы	

Жобалар бойынша ақпарат

№	Патент түрі, атауы	Патент нөмері	Берілген күні (Дата)	Патентообладатель, авторы	Статус	Сілтеме

«Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің үздік ғалымы» мен
«Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің үздік жас ғалым»
номинациясы бойынша үміткерлерді бағалау критерилері

1.1. Ғылыми-зерттеу жұмыста рының көрсеткіштері бойынша

1	Қазақстан Республикасының министрліктері тарапынан қаржыландырылатын іргелі және қолданбалы ғылыми гранттық жобалардың орындаушысы: (Гранттық жоба Қ.Жұбанов атындағы АӨУ атынан тіркелу міндетті).	Бір грант	50	Грантты ұтқандығын растайтын құжат, университет бұйрығы (штаттық кесте)
2	Халықаралық (Erasmus+, Tempus, Ньютон-эл-Фараби, Абай-Верн т.б.) гранттық қаржыландыру жобалары: - Жетекшісі; - Әрбір орындаушысы (Грант жоба Қ.Жұбанов атындағы АӨУ атынан тіркелу міндетті)	Бір грант	100 50	Грантты ұтқандығын растайтын құжат, университет бұйрығы
3	Шаруашылық келісімшарт негізінде қаржыландырылатын ҒЗЖ (ұпай саны орындаушылар санына бөлінбейді): - 10 млн жоғары - 5-9,9 млн - 1-4,9 млн 0-1 млн	Бір ҒЗЖ	100 60 40 20	Келісімшарт, қаржының аударылғандығы жөніндегі есеп бөлімінің анықтамасы
4	Ағымдағы жылдың алдындағы жылда көлемі 6 баспа табақтан кем болмайтын ғылыми монография шығару (ұжымдық монография болса, ұпай саны автор санына бөлінеді)	Бір монография	100	АӨУ Ғылыми кеңесінің шешімі, монография (бірінші басылым болуы міндет)
5	Ағымдағы жылдың алдындағы жылда алынған патент (ұпай саны автор санына бөлінбейді): - Халықаралық; - Республикалық.	Бір патент	100 50	Патент куәлінің көшірмесі (Ұлттық зияткелік меншік институты базасынан тексеріледі).
6	Ағымдағы жылдың алдындағы жылда Web of Science және Scopus базасында жарияланған ғылыми мақалалар (ұпай саны автор санына	Бірінші автор немесе автор корреспондент	Q1 – 80 Q2 – 70 Q3 – 60 Q4 – 50	Мақала көшірмелері (тиесілі көрсеткіштерімен), мақала Tomson Reuters, Scopus

	бөлінбейді, Scopus және Web of Science базанда көрсетілген автордың жұмыс орны – Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ болуы міндеті, болмаған жағдайда есептелмейді).	соавтор	Q1 – 60 Q2 – 50 Q3 – 40 Q4 – 30	базасынан тексеріледі
7	Ағымдағы жылдың алдындағы жылда ҒЖБМ (КОКСНВО) тізбесіндегі журналдарда жарияланған ғылыми мақалалар -Бірінші автор немесе автор корреспондент -Соавтор	Бір мақала	30 20	Мақала көшірмелері (тиесілі көрсеткіштерімен, басқа басылымдар есептелмейді, мақала бірінші басылым болуы міндет).
8	Ағымдағы жылдың алдындағы жылда «АӨУ Хабаршысы» ғылыми журналында жарияланған мақалалар -Бірінші автор немесе автор корреспондент -Соавтор	Бір мақала	20 10	Мақала көшірмелері (тиесілі көрсеткіштерімен, басқа басылымдар есептелмейді, мақала бірінші басылым болуы міндет).
9	Хирша (h) индексі (Scopus және Web of Science базасында көрсетілген автордың жұмыс орны – Қ.Жұбанов атындағы АӨУ болуы міндетті, болмаған жағдайда есептелмейді)		1h x 100	Scopus және Tomson Reuters (Web of Science) базасынан тексеріледі, 2 базада да болған жағдайда жоғарғысы есептеледі.
10	Start-up жобасына жетекшілік: - Республикалық - Аймақтық	Бір жоба	60 40	Сертификат (Workshop және тренингтердегі сертификаттар есепке алынбайды)
1.2. Академиялық көрсеткіштері бойынша				
1	Оқытушының академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша басқа ЖОО дәріс оқуы: - Шетелдің ЖОО - ҚР Ұлттық университеттерінде -ҚР мемлекеттік ЖОО	1 іссапар	100 80 60	Кем дегенде 2 апта дәріс оқуы қажет

2	<p>Оқытушылардың ғылыми тағылымдамадан өтуі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Болашақ бағдарламасы бойынша - ТМД елінен өзге шет елдер -ТМД елдері 	1 іссапар	<p>100</p> <p>80</p> <p>60</p>	Кем дегенде 1 ай
3	<p>Оқытушының өзінің кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында семинарларға қатысуы:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Республикалық маңызға ие қалалар (Нұр-Сұлтан, Алматы); - Республиканың басқа қалалары 		<p>100</p> <p>50</p>	Кем дегенде 72 сағат

«Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік үздік докторанты»,
 «Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің үздік магистранты»,
 «Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің үздік студенті»
 номинациялары бойынша үміткерлерді ғылыми-зерттеу жұмыстарының
 көрсеткіштері бойынша бағалау критерийлері

1	Қазақстан Республикасының министрліктері тарапынан қаржыландырылатын іргелі және қолданбалы ғылыми гранттық жобалардың орындаушысы: - Әрбір орындаушысы (Гранттық жоба Қ.Жұбанов атындағы АӨУ атынан тіркелу міндетті).	Бір грант	50	Грантты ұтқандығын растайтын құжат, университет бұйрығы (штаттық кесте)
2	Халықаралық (Erasmus, Tempus, Ньютон-эл-Фараби, Абай-Верн т.б.) гранттық қаржыландыру жобаларының орындаушысы (Грант жоба Қ.Жұбанов атындағы АӨУ атынан тіркелу міндетті)	Бір грант	50	Грантты ұтқандығын растайтын құжат, университет бұйрығы
3	Шаруашылық келісімшарт негізінде қаржыландырылатын ҒЗЖ орындаушысы - 10 млн жоғары - 5-9,9 млн - 1-4,9 млн 0-1 млн	Бір ҒЗЖ	100 60 40 20	Келісімшарт, қаржының аударылғандығы жөніндегі есеп бөлімінің анықтамасы
4	ҒЖБССҚК (КОКСНВО) тізбесіндегі журналдарда, Web of Science және Scopus базасында жарияланған ғылыми мақалалар (ұпай саны автор санына бөлінбейді) - Web of Science және Scopus - ҒЖБССҚК (КОКСНВО)	Бір мақала	100 80	Мақала көшірмелері (тиесілі көрсеткіштерімен, басқа басылымдар есептелмейді, мақала бірінші басылым болуы міндет).
5	«АӨУ Хабаршысы» ғылыми журналында жарияланған мақалалар	Бір мақала	40	Мақала көшірмелері (тиесілі көрсеткіштерімен, басқа басылымдар есептелмейді, мақала бірінші басылым болуы міндет).

6	Республикалық пәндік олимпиадалардың жеңімпаздары (командалық болса адам санына бөлінеді) - 1 орын; - 2 орын; - 3 орын.	Бір адам	100 90 80	Жүлдегерлердің дипломдары
7	Ғылыми-практикалық конференция жинақтарында жарияланған мақала (ұнай саны автор санына бөлінеді) - Халықаралық; - Республикалық; - Аймақтық	Бір мақала	20 10 5	Мақала көшірмелері (түісілі көшірмелерімен)
8	Start-up жобаларын орындаушы (ұнай саны автор санына бөлінеді) - Республикалық; - Аймақтық.	Бір жоба	60 40	Жүлдегерлердің дипломдары
9	Республикалық, халықаралық ғылыми байқаулардың жүлдегерлері (студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары, ұнай саны автор санына бөлінеді) - 1 орын; - 2 орын; - 3 орын.	Бір адам	100 90 80	Сертификат (Workshop және тренингтердегі сертификаттар есепке алынбайды)
10	Ағымдағы жылдың алдындағы жылда алынған патент	Бір патент	50	Патент куәлінің көшірмесі (Ұлттық зияткерлік меншік институты базасынан тексеріледі).
11	Хирша (h) индексі (Scopus және Web of Science базасында көрсетілген автордың жұмыс орны – Қ.Жұбанов атындағы АӨУ болуы міндеті, болмаған жағдайда есептелмейді)	Хирша көрсеткіші бірлігі	1h x 10	Scopus және Thomson Reuters (Web of Science) базасынан тексеріледі, 2 базада да болған жағдайда жоғарғысы есептеледі.